

ӘОЖ 070.446(574)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗІРГІ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ерік Ерсін,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Журналистика және баспа ісі
мамандығының 1-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
ersin_94_94@mail.ru

Ғылыми жетекші – ф.ғ.к., доцент **Ақсейіт Ғалия Манатқызы**
galiya_76@mail.ru

Қашан да спорт, спорттық жарыстар, сайыстар, турнирлер қалың көпшіліктің назарында, бақылауында жүреді. Кейбірі оқиға орнынан тамашаласа, ал кейбірі теледидар, радио, газет, журналдар арқылы барлық жаңалықтардан хабардар.

Егемендік алғаннан соң қазақ телевизиясының жоғары деңгейге көтеріле бастағаны айқын көрініс тапты. Дегенмен спорт жанкүйерлері үшін арнайы отандық спорт арнамыздың ашылуы жыл сайын кейінге қалдырылып отырды. Бірақ қазақ спорт жанкүйерлері үшін ақпараттық, мәдени арналардан таңдаулы спорттық жарыстар ұсынылып отырды. Десе де, қалың көпшіліктің көксегені отандық спорт арнасының ашылуы еді. Себебі қазақ спортшылары жан-жақта көк байрағымызды желбіретіп, әнұранымызды шырқатып, атой салған додаларды тікелей эфирде көруді қалады.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев 2012 жылы «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласында Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі мен Мәдениет және ақпарат министрлігіне бірлесіп мамандандырылған спорт арнасын ашу туралы тапсырма берген болатын. Қысқа мерзімде тиісті жұмыстар атқарылып, 2013 жылдың 1 шілде күні отандық телеарналар кеңістігінде «Qazsport» спорт телеарнасы өзінің алғашқы хабарларын тарата бастады. Жаңа спорт арнасы «Мәдениет», «Балапан» және 14 аймақтық телеарналар топтасқан «Қазақстан» РТРК» АҚ құрамына енді. Бұл еліміздің барлық аймақтарынан тікелей эфирде хабар таратуға мүмкіндік берді.[1]

Қазір тіпті, қалаған спорттық жарысты тікелей үйде отырып алып-ақ тамашалай алатын жағдайға жеттік. Бұл еліміздегі телевизия саласының заман талабына сай қарыштап дамуының нәтижесі деуге болады. Әлемнің түкпір-түкпірінде өтетін байрақты бәсекелерде ел намысын қорғап жүрген спортшыларымыздың жеткен жетістіктерін ізін суытпай қазақ жанкүйерлеріне

жеткізу қазіргі таңда ешқандай да қиындықтар туғызбайды. Барлық қазақ жұртына сүйіншілеп жеңісті сәтті дәл уақытында жеткізе алады. Сондықтан да спорт журналистикасы спортшы мен жанкүйер арасындағы алтын көпір десек те болады.

Дегенмен, қазақ спорт журналистикасына сын да аз айтылмады, спорттық көрсеткіштерге де көпшілік сыни пікірлер айтпай қалмады. Көрерменнің де талғамы өсті, көрші елдермен салыстыра қарады, сапаға көңіл бөлуді талап етті. Спорт арнасы ашылғанда қуандық, «жақсы бастама» дедік. Бірақ бастама дедік те жалғасын көрмедік. Тек бір арнамен тоқтап қалдық. 18 миллион халқы бар қазақ еліне, әрине, тек «Қазспорт» жеткіліксіз болды. Себебі жыл он екі ай әр түрлі жарыстар тоқтаусыз өтіп жатты. Оның бірнешеуінде жерлестеріміз өнер көрсетті. Ал, мұның барлығын тек бір арнаға сыйдыру мүмкін емес. Айналамызға қарасақ, Өзбекстан болсын, қасымыздағы қырғыз ағайындардың бұл жағынан ауыз толтырып айтатындай мәселелері жоқ. Бізде мамандар бар, жыл сайын жоғарғы оқу орындарында бірнеше спорт саласында қызмет еткісі келетін студенттер, магистранттар тәлім алып шығады. Енді бір сәт аялдап ойлансақ, біз тек бір арнаға маман дайындап қана жатырмыз ба? Телевизия да салаға бөлінгелі қашан? Спорт арнасындағы қызметкерлерді салаға бөлу мәселесі әлі жабулы қазан күйінде. Алдымен спорт журналистикасы кафедралары көптеп ашылуын қамтамасыз ету керек. Содан кейін ол кафедрада, ережесіз жекпе-жектің маманы бөлек, футболдікі бөлек, ұлттық спорт бөлек даярлануы қажет. Салалық журналистика деген міне, осы! Осы ретте «Қазақ спорты» газетінің бас редакторы, ЕҰУ журналистика және саясаттану факультетінің оқытушысы Дүрәлі Дүйсебай болашақ спорт журналистерін даярлау барысында қандай жұмыстар атқарылып жатқанын айтып өтті. «Жалпы, ЕҰУ спорт журналистерін сапалы даярлауға ұмтылып жатыр. «Комментатор шеберлігі», «Спорт шолушысы», «Спорт журналистикасына кіріспе» деген пәндерді оқыдық. Қазір содан тәлім алғандар осы саланы жазып жүр. Жеке салалық журналистика ретінде мамандар даярлау – алдағы күннің еншісінде».[2]

Қазіргі таңда жоғарыда айтылған пәндерді оқыған журналистер сол саланы жазып, шама келгенше арбасын дөңгелетіп жүр. Спорт саласында журналистің әмбебап болуы өте сирек. Тіпті, өте қиын десем болады. Себебі спорт саласы күннен-күнге дамып, ауқымы кеңейіп келеді. Спорттың әр саласында әр минут сайын болатын өзгерістерден хабардар болып, жаңалықтарды қалт жібермеу өте маңызды. Сондықтан да әмбебап болу, сапасыз маман болу дегенмен сәйкес келетіндей. Еліміздегі спорт журналистикасының кенжелеп қалуының да бірден бір себебі осы.

Спорт журналистикасының деңгейінің төмендеп кетуіне тағы бір себеп – тіл мәселесі. Қазақ тілінің қарапайым ережелерінің дұрыс сақталмауы. Жоғарғы оқу орнында салалас, сабақтас сөйлем, ілгерінді, кейінді ықпалдарды оқытпайды. Журналист боламын дейтін оқушы қазақша жазу мен сөйлеуді мектепте жүріп меңгеру қажет. Айып оқушыдан немесе білім беру жүйесінің қолайсыздығынан және оқытушыдан болуы да ғажап емес. Қазіргі таңда журналист көп, тілші көп. Бірақ қазақшасы қалай? Жазуы мен сөйлеуі дұрыс па? Журналистика факультетінде оқитын студенттердің осы жағынан сауатсыздығын байқағанда, еліміздің спорт журналистикасының тасын мына жастар қалай домалатпақ деген ойға келесің. Бірақ бұл мәселенің шешімі бар. Әрбір журналистика факультетіне түсуге ниетті студенттерді қабылдау кезінде қазақ тілін қалай меңгергендігін тексере алатын емтихан өткізсе, болашақта сапалы маман дайындап шығуға әлбетте болатындығына сенім мол.

Европада спорт шолушылар, жанкүйерлер қолынан газет тастамай, жаһанда, спорт әлемінде қандай жаңалықтар болып жатқанын қадағалап жүреді. Бірақ оларда теледидар да бар, интернет те бар. Алайда неге газет, журнал жандарына жақын? Мүмкін спорт жайында қалам тербейтіндердің жазу ерекшелігі керемет пе деген ойға қаласың. Енді салыстырып көрейік. Біз газетте спортты сөйлете алып жүрміз бе? Спорт тақырыбында мұқабасы әдемі, оқырман қызығатындай дизайны ерекше журналдар барма? Сапасы қандай? Осы жағынан да ақсау бар. Бірден бір себебі – ол журналдан пайда бола қоюы екіталай. Тәуекелге барғысы келмейді. Таралымы мыңнан асады деу де қиын. Қысқасы өзін-өзі ақтамайтын жоба.

«Дамуы жаман емес. Бірақ қазақ журналистикасында спорт саласы өнер дәрежесіне көтерілген жоқ және қашан көтерілері де белгісіз. Өйткені, спортқа толық бір бет арнайтын, спорт жаңалықтарын тұрақты түрде беріп тұратын газеттер санаулы-ақ. Онда да олардың басты жаңалықтары бірінші бетке үлкен алампандар кезінде ғана көрінеді, әйтпесе, соңғы бетте қалғаны – қалған. Былайша айтқанда, республикалық газеттердің өзі спорт журналистикасын екінші сортты сала деп қарайды. Журналистикаға жаңа келген, университет дипломын енді ғана алған

жас маманды спорт жаңалықтарын жазуға жұмсайды. Ол спортты біле ме, білсе, қаншалықты, доп пен шайбаны айыра ала ма – ештеңесін ескермейді. Сондықтан да қазақ газеттеріндегі спорт жаңалықтарының деңгейі тым төмен. Сараптама материал жоқ. Статистиканың өзін әңгіме ғып, көлдей-көлдей етіп береді. Спортты сүйетін, оның мәліметтерінен ләззат алатын жанкүйер ретінде мен бұған еш қанағаттанбаймын» деп, спорт журналисі Есей Жеңісұлы да осы бір басты мәселені баса айтты. [3]

Журналистердің сөз еркіндігі, ол бір мәселе. Қандай да тақырып болмасын, астарын ашып, айқындап, «Неге? Не себептен?» деген сұрақтардың жауабын біле тұра оны халыққа жеткізе алмау. Жабулы қазанның қақпағын ашпай қалдыру. Шындық айтып, шыншыл бола алмайтын уақыт. «Былай тартса өгіз өледі, былай тартса арба сынады». Спорт саласында түйіні шешілмей күрмеулі тұрған мәселелер жетіп артылады. Батылдығы жетпеді деп журналистің жағасынан алуға бола ма? Әрине жоқ, бірақ ақ пен қараны айқындайтын уақыт келері анық.

«Бізде спорт журналисті деген арнайы мамандық жоқ. Оған адамдар кездейсоқ келуде. Мәселен, мен спортты жақсы көрмегенде журналист те болмас едім. Бізде жақсы спорт материалын жазатын саны шектеулі басылымдар бар. Бұл басылымдардың бас редакторлары спорт жайында жақсы біледі. Бірақ, мақаланың сапалы болып шығуы үшін бақылау жеткіліксіз, оған сонымен бірге кәсібилік те керек. Жақсы спорт журналисі жаңалықты көпшілікке тек жеткізіп қана қоймайды, ол сонымен бірге жаңалықты талдап, екшейді де. Бізге ешқандай жағдай жасалмайды. Мәселен, түрлі спорттық шараларда шетелден келген спорт журналистеріне арнайы баспасөз орындары беріледі, қазақстандық спорт журналистеріне ондай орын тұрмақ, спорт жанкүйерлерінің арасынан да орын тимейді, - дейді Қазақстандағы осы тақырыпты 8 жылдан бері зерттеп келе жатқан журналист Леонид Юрьев.[4]

Жалпы, атқаратын жұмыс қыруар. Талантты журналистер, кәсіби мамандар бар. Мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, осы әлемді байланыстыратын спорт саласын қолға ерте ме кеш пе алары анық. Оған түрткі болатын себептер де бар. Спортшыларымыз қазақ жұртын күн сайын керемет жетістіктерімен қуантуда. Біздің мақсат спортшы мен жанкүйердің арасын үзбеу, байланысты сақтау. Бұқаралық ақпарат құралдарын бәсекеге қабілетті қыламыз десек алдымен өзімізден бастаған жөн.

Ең бастысы дұрыс жолды білеміз. Кемшіліктер жөнге келіп дұрысталатынын да білеміз. Ендеше тек еңбектену керек. Қазақ спорт журналистикасының сол кезде ғана болашағы жарқын болары хақ.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 <https://kk.wikipedia.org/wiki/Qazsport>
- 2 <https://egemen.kz/article/179440-sport-dgurnalistikasynynh-dgay-kuyi-talqylandy>
- 3 <https://qazaquni.kz/2011/04/14/6757.html>
- 4 <https://www.azattyq.org/a/1183972.html>